

Қостанай облысы әкімдігі  
білім басқармасының «Қостанай жоғары политехникалық колледжі»  
коммуналдық мемлекеттік қазыналық кәсіпорнының қызметіндегі  
**сыбайлас жемқорлық тәуекелдерін ішкі талдау нәтижелері бойынша**  
**ТАЛДАМАЛЫҚ АНЫҚТАМА**

Қостанай қ.

«15» маусым 2024 жыл

«Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл туралы» Қазақстан Республикасының 2015 жылғы 18 қарашадағы Заңының 8-бабының 5-тармағына, Қазақстан Республикасының Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл агенттігінің (Сыбайлас жемқорлыққа қарсы қызмет) 2016 жылғы 19 қазандағы №12 бекіткен сыбайлас жемқорлық тәуекелдеріне ішкі талдау жүргізудің үлгілік қағидаларына сәйкес, Қостанай облысы әкімдігі білім басқармасының «Қостанай жоғары политехникалық колледжі» коммуналдық мемлекеттік қазыналық кәсіпорнында сыбайлас жемқорлық тәуекелдеріне ішкі талдау жүзеге асырылады.

Сыбайлас жемқорлық тәуекелдерін ішкі талдау объектісі (бұдан әрі – Талдау) Қостанай облысы әкімдігі білім басқармасының «Қостанай жоғары политехникалық колледжі» коммуналдық мемлекеттік қазыналық кәсіпорнының қызметі болып табылады. Сыбайлас жемқорлық тәуекелдеріне ішкі талдау жүргізу мақсатында кәсіпорын қызметінде Қостанай облысы әкімдігі білім басқармасының «Қостанай жоғары политехникалық колледжі» коммуналдық мемлекеттік қазыналық кәсіпорны директорының 2024 ж. 21.05. №95 о/д бұйрығымен бекітілген.

Сыбайлас жемқорлық тәуекелдеріне ішкі талдау сыбайлас жемқорлық тәуекелдеріне ішкі талдау жүргізудің үлгілік қағидаларына, сондай-ақ Қазақстан Республикасы Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл агенттігі Төрағасының бұйрығымен бекітілген сыбайлас жемқорлық тәуекелдеріне ішкі талдау жүргізу жөніндегі әдістемелік ұсынымдарға сәйкес жүргізілді.

Сыбайлас жемқорлық тәуекелдерін талдаумен қамтылған кезең 2023 жылдың 1 шілдесінен 2024 жылдың 1 шілдесіне дейін.

### **1. Талдау жүргізудің мақсаттары мен міндеттері**

Талдау мақсаты Қостанай облысы әкімдігі білім басқармасының «Қостанай жоғары политехникалық колледжі» коммуналдық мемлекеттік қазыналық кәсіпорнындағы сыбайлас жемқорлыққа қарсы күрес және жою болып табылады.

Талдаудың міндеті, сыбайлас жемқорлық құқық бұзушылықтар жасауға ықпал ететін жағдайлар мен себептерді анықтау және олардың Қостанай облысы әкімдігі білім басқармасының «Қостанай жоғары политехникалық колледжі» коммуналдық мемлекеттік қазыналық кәсіпорнының қызметіндегі салдарын жою болып табылады.

### **2. Талдау барысында пайдаланылған ақпарат көздері**

Сыбайлас жемқорлық тәуекелдеріне ішкі талдау жүргізу қағидаларының 15 тармағына сәйкес сыбайлас жемқорлық тәуекелдеріне ішкі талдау жүргізу үшін ақпарат көздері:

- 1) талдау объектісінің қызметін реттейтін құқықтық актілер мен ішкі құжаттар;
- 2) талдау объектісінің қызметі туралы статистикалық есептілік;
- 3) Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіппен алынған талдау объектісінің қызметі туралы Мемлекеттік және құқық қорғау органдарының ақпараттық жүйелерінің деректері;
- 4) талдау объектісіне қатысты бұрын мемлекеттік органдар жүргізген тексерулердің нәтижелері;
- 5) ішкі бақылау қызметтерінің бақылау іс-шараларының нәтижелері;
- 6) сыбайлас жемқорлыққа қарсы мониторинг нәтижелері;
- 7) бұқаралық ақпарат құралдарында жарияланымдар;
- 8) талдау объектісіне қатысты жеке және заңды тұлғалардың өтініштері;
- 9) талдау объектісінің лауазымды тұлғаларын сыбайлас жемқорлық құқық бұзушылықтар жасағаны, оның ішінде қылмыстық құқық бұзушылық пен заңның басқа да бұзушылықтарын жасауға ықпал еткен мән-жайларды жою жөнінде ұсынғаны үшін жауапқа тарту туралы мәліметтер;
- 10) талдау объектісі қызметкерлерінің іс-әрекеттеріне қатысты сот органдарының шешімдері, қылмыстық істер фабуласы;
- 11) сыбайлас жемқорлық тәуекелдеріне бұрын жүргізілген сыртқы талдау нәтижелері;
- 12) сыбайлас жемқорлық тәуекелдеріне бұрын жүргізілген ішкі талдау нәтижелері;
- 13) талдау объектісінің қызметшілеріне, қызметкерлеріне сұрау салу нәтижелері;
- 14) ұсынуға Қазақстан Республикасының заңнамасында тыйым салынбаған өзге де мәліметтер.

## **I. Нормативтік құқықтық актілердегі сыбайлас жемқорлық тәуекелдері**

### **1.1. Негізгі функцияларды іске асыру**

**Нормативтік база:** ҚР Конституциясы, Бала құқықтары туралы Конвенция, «Білім туралы» ҚР Заңы, «Мемлекеттік көрсетілетін қызметтер туралы» ҚР Заңы, Неке (ерлі-зайыптылық) туралы Кодекс, «Қазақстан Республикасындағы Бала құқықтары туралы» Қазақстан Республикасының Заңы, «Тұрмыстық зорлық-зомбылықтың алдын алу туралы» Қазақстан Республикасының Заңы, «Балаларды денсаулығы мен дамуына зиян келтіретін ақпараттан қорғау туралы» Қазақстан Республикасының Заңы, «ҚР-дағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы» ҚР Заңы, Еңбек кодексі, ҚР ӘРПК, «Мемлекеттік сатып алу туралы» ҚР Заңы, Мемлекеттік сатып алуды жүзеге асыру қағидалары, «Мемлекеттік стипендияларды тағайындау, төлеу қағидаларын және олардың мөлшерлерін бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Үкіметінің 07.02.2008 жылғы №116 Қаулысы, «Әлеуметтік көмек көрсетілетін азаматтарға әлеуметтік көмек көрсетудің мөлшерін, көздерін, түрлері мен қағидаларын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Үкіметінің 12.03.2012 жылғы №320 Қаулысы, «Азаматтық қызметшілерге, мемлекеттік бюджет

аражаты есебінен ұсталатын ұйымдар қызметкерлеріне, қазыналық кәсіпорындар қызметкерлеріне еңбекақы төлеу жүйесі туралы» Қазақстан Республикасы Үкіметінің 31.12.2015 жылғы №1193 Қаулысы, «Салық салу мәселелері бойынша «Экономиканы тұрақтандыру жөніндегі одан арғы шаралар туралы» Қазақстан Республикасы Президентінің 2020 жылғы 16 наурыздағы № 287 Жарлығыны іске асыру жөніндегі одан арғы шаралар туралы» Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2020 жылғы 20 сәуірдегі № 224 қаулысына өзгеріс енгізу туралы» Қазақстан Республикасы Үкіметінің 30.10.2020 жылғы №224 Қаулысы, «Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл туралы» ҚР Заңы, «Қазақстан Республикасының мерекелері туралы» Қазақстан Республикасының Заңы, «Діни қызмет және діни бірлестіктер туралы» Қазақстан Республикасының Заңы, «Білімді ұлт» «Сапалы білім беру» ұлттық жобасын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2021 жылғы 12 қазандағы № 726 Қаулысы, «Қазақстан Республикасының мектепке дейінгі, орта, техникалық және кәсіптік білім беруді дамытудың 2023 – 2029 жылдарға арналған тұжырымдамалары», Біртұтас тәрбие бағдарламасы, Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2015 жылғы 1 маусымдағы №348 бұйрығымен бекітілген Қазақстан Республикасында инклюзивті білім беруді дамытудың тұжырымдамалық тәсілдері, «Оқуға құштар колледж» тұжырымдамасы, «Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігінің террористік тұрғыдан осал объектілері мен білім және ғылым саласындағы қызметті жүзеге асыратын террористік тұрғыдан осал объектілерді терроризмге қарсы қорғауды ұйымдастыру жөніндегі нұсқаулықты бекіту туралы» (ҚР БҒМ 30.03.2022 ж. №117 бұйрығы), «Білім беру ұйымдарында психологиялық-педагогикалық сүйемелдеу қағидаларын бекіту туралы» (ҚР Білім және ғылым министрінің 2022 жылғы 12 қаңтардағы №6 бұйрығы), «Баланы жәбірлеудің (буллингтің) профилактикасы қағидаларын бекіту туралы», «Жалпы білім беретін пәндер бойынша республикалық және халықаралық олимпиадалар мен ғылыми жобалар конкурстарының (ғылыми жарыстардың), орындаушылар конкурстарының, кәсіби шеберлік конкурстарының және спорттық жарыстардың тізбесін бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2011 жылғы 7 желтоқсандағы №514 Бұйрығы, Білім беру қызметіне 22.08.2017 жылғы № KZ64LAA00010010 Лицензия, WWW07210302 «Кондитер» мамандығы бойынша Техникалық және кәсіптік білім беруді іске асыруға 22.08.2017 жылғы KZ64LAA00010010 лицензиясына 20.12.2022 ж. №013 Қосымша, Колледж іске асыратын мамандықтар бойынша ҚР Білім Министрлігінің 03.08.2022 ж. №348 Бұйрығымен бекітілген ТЖКБ МЖМС (техникалық және кәсіптік білім берудің мемлекеттік жалпыға міндетті стандарты) талаптарының сәйкестігі туралы аттестаттау комиссиясының оң шешімімен колледж қызметіне қатысты 31.03.2023 ж. мемлекеттік аттестаттау.

**Нормативтік құқықтық актілерді талдағаннан кейін мыналар анықталды:**

ҚР Білім және ғылым министрінің 2020 жылғы 04 мамырдағы №180 бұйрығымен бекітілген, көрсетілетін қызметті алушыдан мемлекеттік қызмет көрсету үшін талап етілетін құжаттар мен мәліметтер тізбесінің, «Азаматтардың жекелеген санаттарына, сондай-ақ қорғаншылықтағы (қамқоршылықтағы) және

патронаттағы тұлғаларға, техникалық және кәсіптік орта білімнен кейінгі және жоғары білім беру ұйымдарының білім алушылары мен тәрбиеленушілеріне тегін тамақ беру» мемлекеттік қызмет көрсетуге қойылатын негізгі талаптар тізбесінің 8-тармақшасына сәйкес, алынған табыстар туралы құжаттар негізінде (жұмыс істейтін ата-аналардың немесе оларды алмастыратын адамдардың жалақысы туралы, кәсіпкерлік және басқа да қызмет түрлерінен түсетін кірістер туралы, балаларға және басқа да асырауындағы адамдарға алимент түріндегі кірістер туралы анықтама), жан басына шаққандағы орташа табысы ең төменгі күнкөріс деңгейінен төмен мемлекеттік атаулы әлеуметтік көмек алмайтын отбасылардан шыққан балаларға тегін тамақ беріледі.

**Сыбайлас жемқорлық тәуекелі:** Сыбайлас жемқорлық тәуекелі жан басына шаққандағы орташа табысты ең төменгі күнкөріс деңгейінен төмен анықтау бөлігінде бар. «Қостанай облысы әкімдігінің жұмыспен қамтуды үйлестіру және әлеуметтік бағдарламалар басқармасы» ММ бұл анықтамаларды бермейді. Колледж қызметкерлері (көрсетілетін қызметті беруші ретінде) жан басына шаққандағы орташа табысты дербес анықтауға мәжбүр, өйткені «Азаматтарға арналған үкімет» мемлекеттік корпорациясының, ҚР Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрлігінің бөлімшелерінің ақпараттық жүйелерінде білім алушылар ұсынған кірістер туралы құжаттарды тексерудің нақты мүмкіндігі жоқ.

**Жою жөніндегі ұсынымдар:** ҚР Оқу-ағарту министрлігіне, жан басына шаққандағы орташа табысы ең төменгі күнкөріс деңгейінен төмен мемлекеттік атаулы әлеуметтік көмек алмайтын отбасылардан шыққан балалар үшін - жұмыспен қамтуды үйлестіру және әлеуметтік бағдарламалардың аумақтық органдарынан көрсетілетін қызметті алушы-білім алушының жан басына шаққандағы орташа табысы ең төменгі күнкөріс деңгейінен төмен екенін растау туралы анықтаманы ұсыну белгіленсін деген, ҚР Білім және ғылым министрінің 2020 жылғы 04 мамырдағы №180 бұйрығымен бекітілген, көрсетілетін қызметті алушыдан мемлекеттік қызмет көрсету үшін талап етілетін құжаттар мен мәліметтер тізбесінің, «Азаматтардың жекелеген санаттарына, сондай-ақ қорғаншылықтағы (қамқоршылықтағы) және патронаттағы адамдарға, техникалық және кәсіптік орта білімнен кейінгі және жоғары білім беру ұйымдарының білім алушылары мен тәрбиеленушілеріне тегін тамақ беру» мемлекеттік қызмет көрсетуге қойылатын негізгі талаптар тізбесінің 8-тармақшасына өзгерістер енгізу туралы хат жолдау,

**Ішкі құжаттарда (бұдан әрі - ІНҚ) сыбайлас жемқорлық тәуекелдерін анықтау.**

Ішкі құжаттарға талдау жүргізілді - колледж Жарғысы (әкімдіктің 04.07.2017 ж. №370 Қаулысымен бекітілген, бухгалтерияда сақталады), Стратегиялық даму жоспары (колледж директорымен бекітілген, оқу бөлімінде сақталады), Колледждің жұмыс жоспары (колледж директорымен бекітілген, оқу бөлімінде сақталады), Әдеп кодексі (колледж директорымен бекітілген, кадр қызметінде сақталады), Ішкі тәртіп ережелері (колледж директорымен бекітілген, тәрбие бөлімінде сақталады).

Сыбайлас жемқорлыққа қарсы комплаенс-қызмет туралы ереже, Сыбайлас жемқорлыққа қарсы мінез-құлық стандарты, Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл жөніндегі нұсқаулық, Жанжалдың алдын алу және реттеу саясаты, колледж директорымен бекітілген, заң кеңесшісінде сақталады.

Ішкі құжаттар колледж сайтында орналастырылған - <https://kpvk.edu.kz/ru/>, қызметкерлер құжаттармен таныстырылды, сыбайлас жемқорлық тәуекелдері анықталған жоқ.

## **II. Ұйымдастырушылық-басқарушылық қызметтегі сыбайлас жемқорлық тәуекелдері**

### **2.1. Мемлекеттік қызмет көрсету**

#### **Сыбайлас жемқорлық тәуекелдері**

Колледж Қазақстан Республикасы цифрлық даму, инновациялар және аэроғарыш өнеркәсібі министрінің м.а. 2020 жылғы 31 қаңтардағы №39/НҚ бұйрығымен бекітілген Мемлекеттік қызметтер тізілімі бойынша 7 қызмет көрсетеді. Колледж директорының 01.09.2023 ж. №38 п/д бұйрығына сәйкес мемлекеттік қызмет көрсетуге бекітілген, жауаптылар - А.Мухамбетова, А.Альмагамбетова, С.Ибраева, И.Щербакова, Ж.Кайтпаева, Е.Моргунова, Л.Дюсекеева, А.Исмагамбетова), бұл функциялар олардың лауазымдық нұсқаулықтарында жазылған.

Мемлекеттік қызметтерді алу үшін мүмкіндіктері шектеулі тұлғалар үшін жағдайлар жасалған.

Талданған кезеңде колледждің оқу бөлімі келесі мемлекеттік қызметтерді көрсетті:

- техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білім беру ұйымдарына құжаттарды қабылдау - 306, көрсету тәсілі: оның ішінде - 306 электрондық түрде «Азамат» АЖ порталы арқылы;
- техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білімді аяқтамаған тұлғаларға анықтама беру - 7, көрсету тәсілі: оның ішінде - 7 қағаз түрінде;
- техникалық және кәсіптік білім туралы құжаттардың телнұсқаларын беру - 25, көрсету тәсілі: оның ішінде ХҚКО арқылы - 14, 11 - АЖО;
- техникалық, кәсіптік, орта білімнен кейінгі білім беру бағдарламаларын іске асыратын білім беру ұйымдарында білім алушыларды ауыстыру және қайта қабылдау - 22, көрсету тәсілі: оның ішінде - 22 қағаз түрінде;
- мектепке дейінгі тәрбие мен оқыту, бастауыш, негізгі орта, жалпы орта, техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білім беру бағдарламаларын іске асыратын білім беру ұйымдарының педагог қызметкерлеріне және оларға теңестірілген тұлғаларына біліктілік санаттарын беруге (растауға) аттестаттаудан өту үшін құжаттарды қабылдау - 0;
- азаматтардың жекелеген санаттарына, сондай-ақ техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі және жоғары білім беру ұйымдарының білім алушылары мен тәрбиеленушілеріне қорғаншылықтағы

(қамқоршылықтағы) және патронаттағы адамдарға тегін тамақ беру - 328, көрсету тәсілі: оның ішінде 328 - электрондық түрде «Азамат» АЖ порталы арқылы;

- білім беру ұйымдарында білім алушыларға академиялық демалыс беру - 3, көрсету тәсілі: оның ішінде - 2 қағаз түрінде, 1 - ХҚКО арқылы.

Стандартта көзделмеген қосымша құжаттар талап етілмейді. Мемлекеттік қызмет көрсету және жауапты тұлғалар туралы ақпарат өзектендірілді және жалпыға қолжетімді жерде: колледж холлының 1 қабатында стендтерде орналасқан, колледж сайтында <https://kpvk.edu.kz/ru/> орналасқан. Ай сайынғы негізде білім басқармасына ұсынылған мемлекеттік қызметтер бойынша статистикалық есеп ұсынылады, есепті деректер бойынша сәйкессіздіктер анықталған жоқ. Мемлекеттік қызмет көрсету бойынша жылдық есеп бар, колледж сайтында <https://kpvk.edu.kz/ru/> орналастырылған. 2023-2024 оқу жылына мемлекеттік қызмет көрсету бойынша жауапты тұлғаларды оқыту жоспарланған.

**Сыбайлас жемқорлық тәуекелдері.** Сыбайлас жемқорлық тәуекелдерін болдырмау үшін электрондық форматта көрсетілетін қызметтердің үлесін арттыру қажет.

**Жою жөніндегі ұсынымдар:** Мемлекеттік қызмет көрсетуге жауапты қызметкерлермен тұрақты негізде артық құжаттардың талап етілуін болдырмау бойынша түсіндіру оқуын жүргізуді жалғастыру, мемлекеттік қызмет көрсету стандартына сәйкес құжаттарды талап етуге қызметкерлердің ерекше назарын аудару. Көрсетілетін мемлекеттік қызметтердің сапасына мониторинг жүргізуді жалғастыру.

## 2.2. Кадр саясаты

### *Персоналды басқару, оның ішінде кадрлардың ауысуы*

Штат саны - 130 қызметкер, қабылданды - 25, жұмыстан босатылды - 26, бос орындар - 1. Педагог қызметкерлерді жұмысқа орналастыру конкурс бойынша, басқа мамандар - ұйым басшысымен, құрылымдық бөлімшелердің басшыларымен әңгімелесу арқылы жүргізіледі. Педагогикалық қызметкерлердің жүктемесі тарифтеуге сәйкес, штаттық кестеге сәйкес басқа мамандарға, 1 ставкадан асатын қызметкерлерге, барлық негізгі қызметкерлерге бөлінеді. Қызметкерлер тәртіптік жауапкершілікке тартылған жоқ. Колледж қызметкерлерінің қызметін бағалауға директордың бағыттар бойынша орынбасарлары жауапты болады.

Қызметкерлердің жеке істері, оның ішінде біліктілік (дипломдар) беріле отырып, жоғары не кәсіптік және техникалық білімінің бар екендігін куәландыратын құжаттар тексерілді, оның барысында барлық қызметкерлердің тиісті салалардың уәкілетті органдарының нормативтік құқықтық актілерінде белгіленген біліктілік талаптарына сәйкес келетіндігі анықталды.

Сондай-ақ, Қазақстан Республикасы Еңбек кодексінің 26-бабы 2-тармағының 3-тармақшасында көзделген, Қылмыстық құқық бұзушылықтар: кісі өлтіру, денсаулыққа қасақана зиян келтіру, халықтың денсаулығы мен имандылығына, жыныстық тиіспеушілігіне қарсы, экстремистік немесе террористік

қылмыстар, адам саудасы үшін, соттылығы бар немесе болған, қылмыстық қудалауға жататын немесе тартылған (ҚР Қылмыстық іс жүргізу кодексінің 35-бабы бірінші бөлігінің 1- және 2-тармақшалары негізінде өздеріне қатысты қылмыстық қудалау тоқтатылған тұлғаларды қоспағанда) кәмелетке толмағандардың қатысуымен, Білім беру, тәрбиелеу және дамыту, демалу мен сауықтыру, дене шынықтыру мен спорт, медициналық қамтамасыз етуді ұйымдастыру, әлеуметтік қызметтер көрсету, мәдениет және өнер саласындағы ұйымдарға жұмысқа орналасуға жол бермеу бөлігінде шектеулердің болмауы тұрғысынан, қызметкерлердің жеке істері тексерілді.

Қазақстан Республикасы Бас прокуратурасы жанындағы Құқықтық статистика және арнайы есепке алу Комитетінің ақпараттық-анықтамалық есептеріне сәйкес қызметкерлердің жеке істерінде соттылығының жоқтығы туралы анықтамалар бар екені анықталды. «Арнайы есепке алу» ААЖ дерекқорына сәйкес қызметкерлердің қылмыстық қылмыстары үшін соттылығы не өтелмеген соттылығы жоқ, сондай-ақ сыбайлас жемқорлық құқық бұзушылықтар жасағаны үшін жауаптылыққа тарту туралы мәліметтер жоқ. Қызметкерлерді және әлеуетті қызметкерлерді бос жұмыс орындары туралы хабардар ету тұрғысынан Колледж сайты <https://kpvk.edu.kz/ru/>, enbek.kz электрондық еңбек биржасы, WhatsApp мессенджері (қосымшасы) зерттелді. Ақпараттандыру дәрежесі заңнамаға сәйкес келеді. Мемлекеттік қызметке кіру Қазақстан Республикасы Еңбек кодексінің 139-бабының 1-тармағына сәйкес тұлға атқаратын лауазымына қойылатын талаптарға сәйкес келген жағдайда тағайындау тәртібімен жүзеге асырылады. Педагогтарды қабылдау ашық конкурс нәтижелері негізінде жүзеге асырылады. Басқарушы және техникалық персонал кадрларын қабылдау алдында кадр қызметі кандидаттардың түйіндемелері мен құжаттарын зерделеу бойынша жұмыс жүргізеді. Кадр қызметі жолдама бойынша жетекшілік ететін басшымен бірлесіп бағалау және іріктеу әңгімелесулерін өткізеді, содан кейін директорға шешім қабылдау үшін қарауға ұсыныс енгізеді.

#### ***Тәртіптік тәжірибе.***

Аталған кезең үшін қызметкерлерге тәртіптік жаза қолданылмады. Қазақстан Республикасы мемлекеттік қызметшілерінің әдеп кодексін (мемлекеттік қызметшілердің қызметтік әдеп қағидаларын) қызметкерлер бұзған жоқ. Қызметкерлер сыбайлас жемқорлыққа қарсы шектеулер қабылдады.

**Сыбайлас жемқорлық тәуекелдері** 1. Ұйым басшысының кадр қызметінің алдын ала жұмысынсыз қызметкерді жалдау туралы жеке-дара шешім қабылдауы. Тәртіптік жазаны мерзімінен бұрын алып тастау.

**Негіздеме.** 1. Педагогикалық лауазымдарға кадрларды конкурстық іріктеу. 2. Қолда бар педагог кадрларды және олардың негізгі білімін, мамандығын, біліктілігін, жұмыс тәжірибесі мен жетістіктерін, әдістемелік және педагогикалық құзыреттілігін ескере отырып, олардың оқу сағаттарын бөлу кезінде ашықтықты құру арқылы бөлуді жалғастыру. Тәртіптік жазаны мерзімінен бұрын тоқтатуға жол бермеу.

**Жою бойынша ұсыныстар.** 1. Кез келген бос лауазымдарға кадрларды конкурстық іріктеу (кіші техникалық персоналды қоспағанда). 2. Педагогикалық жүктемені бөлу бойынша бақылауын және талдауын жүргізу, жүктемені, жаңа

топтардың санын, жаңа топтардың оқу жоспарларындағы сағаттар санын ескере отырып, педагогикалық кеңесте өткізуді жалғастыру.

**Сыбайлас жемқорлық тәуекелдері:** Қызметкерлерді тәртіптік жауапкершілікке тарту мәселелерінде дискрециялық өкілеттіктердің болуы, ҚР Еңбек кодексінің 64-бабының 1-тармағы.

Қызметкердің тәртіптік теріс қылық жасағаны үшін жұмыс беруші тәртіптік жазаның мынадай түрлерін қолдануға құқылы:

- 1) ескерту;
- 2) сөгіс;
- 3) қатаң сөгіс;
- 4) жұмыс берушінің бастамасы бойынша еңбек шартын бұзу.

Осыны ескере отырып, бұл дискрециялық өкілеттіктер лауазымды тұлғаның сыбайлас жемқорлық құқық бұзушылықтар жасауға әкеп соғуы мүмкін мінез-құлық және/немесе басқару шешімін таңдау мүмкіндігін айқындайтын жағдайлар жасайды.

**Жою бойынша ұсыныстар**

ҚР Еңбек кодексінде (64-бап) дискрециялық норманы жою туралы мәселені қарау туралы ұсыныстарға бастамашылық жасау (ҚР Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрлігі).

**Мүдделер қақтығысы**

**ЖАҚЫН ТУЫСТАРЫНЫҢ ЖҰМЫС ІСТЕУІ (ТІКЕЛЕЙ БАҒЫНЫСТА).**

Колледжде тікелей жұмыс істейтін жақын туыстары жоқ.

**ЖАҚЫН ТУЫСТАРЫНЫҢ ЖҰМЫС ІСТЕУІ (БАҒЫНЫСТА ЕМЕС)**

| <i>Т.А.Ә.</i>                           | <i>ЛАУАЗЫМЫ</i>  | <i>ТУЫСТЫҚ ТҮРІ</i> | <i>ТІКЕЛЕЙ БАҒЫНУ (ИӘ/ЖОҚ)</i> | <i>КІММЕН ТАҒАЙЫНДАЛДЫ</i> |
|---|--|---------------------|--------------------------------|----------------------------|
| Балгужинова<br>Жулдузай<br>Ерденбековна | Технологиялық<br>(кондитерлік)<br>бөлім<br>менгерушісі | ана                 | жоқ                            | колледж<br>директорымен    |
| Ережепова<br>Айнур<br>Кайдаровна        | Арнайы пәндер<br>оқытушысы<br>(информатика)            | қыз                 | жоқ                            | колледж<br>директорымен    |

Талдау жүргізілді, мүдделер қақтығысы анықталған жоқ.

Сыбайлас жемқорлық тәуекелі кадрларды ауыстыру кезінде болуы мүмкін.

Ұсыныс: кадрларды ауыстыру кезінде мүдделер қақтығысына жол бермеу (тікелей бағыныста жұмыс істейтін жақын туыстарының болуы).

**Қаржы-шаруашылық қызметтегі сыбайлас жемқорлық тәуекелдерін анықтау:**

Мемлекеттік сатып алу порталында бекітілген Мемлекеттік сатып алу жоспарын орналастыру мерзімдері сақталады. Бір көзден алу тәсілімен сатып алу



«Мемлекеттік сатып алу туралы» Заңға және «Мемлекеттік сатып алуды жүзеге асыру қағидаларын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Қаржы министрінің 2015 жылғы 11 желтоқсандағы № 648 Бұйрығына сәйкес жүзеге асырылады.

Шарттардың барлық жобалары мемлекеттік сатып алу қорытындыларына сәйкес өнім берушіге алдын ала жіберіледі, мерзімдері сақталады. Мемлекеттік сатып алуды өткізу мерзімдері белгіленгенге сәйкес келеді. Мемлекеттік сатып алу туралы шарттар мерзімінде жасалады, бұл мемлекеттік сатып алу сайтында көрініс табады. Мемлекеттік сатып алу туралы Заңның 6-бабына сәйкес өнім берушілер тарапынан бұзушылықтар себебінен 5 дана көлемінде мемлекеттік сатып алу туралы шарттар жасалмаған. Шарт бойынша тауарды уақтылы жеткізбеу және қызметтерді (жұмыстарды) орындамау жағдайлары болды. Әрбір жағдай бойынша сотқа талап арыздар уақтылы жолданды.

Талданған кезеңде осы бағыт бойынша бұзушылықтар анықталған жоқ.

**Сыбайлас жемқорлық тәуекелдері.** Мемлекеттік сатып алу әдісін дұрыс таңдамау (конкурс, бір көзден алу әдісі). Техникалық ерекшеліктен бас тартуда тауарларды, жұмыстарды, қызметтерді қабылдау.

**Жою бойынша ұсыныстар.** Шарттың техникалық сипаттамасына сәйкес тауарларды, жұмыстарды, қызметтерді сатып алу тәсілін таңдаудың негіздемесі.

### 2.3. Процестерді цифрландыру. Құжат айналымы

**Құжаттаманы есепке алу.** Құжат айналымын талдау барысында, кіріс құжаттамалар электронды түрде ғана емес, сонымен қатар қағаз жүзінде де жұмысқа келіп түседі. Істер номенклатурасы екі тілде жүргізіледі. Құжаттар НҚА-де белгіленген нысан бойынша ресімделеді. Жауаптар 2 тілде беріледі.

**Сыбайлас жемқорлық тәуекелдері** - цифрландыруды 100% қамтудың болмауы қызметкермен тікелей байланысты білдіреді, құжаттарды ресімдеу кезінде қағазбастылықтар мен бюрократия болуы мүмкін.

**Жою бойынша ұсыныстар.** Қызметкерлермен тұрақты негізде құжат айналымы бойынша түсіндіру жұмыстарын жүргізуді жалғастыру. Сапа мониторингін жүргізуді жалғастыру.

### 2.4. Жеке және заңды тұлғалардың өтініштерін қарау.

Жеке және заңды тұлғалардың өтініштерін қарау «Е-өтініш» ақпараттық жүйесі арқылы көрсетіледі, колледж директорының 2024 жылғы 18.04. №68 о/д бұйрығы бойынша жауаптылар тағайындалды (Д.Комаров, И.Щербакова). Тексерілетін кезеңде 7 өтініш түсті (оның ішінде 6 заңды тұлғалардан және 1 жеке тұлғадан), оларға заңнамада белгіленген мерзімде (15 күнтізбелік күнге дейін) дәлелді жазбаша жауаптар берілді. Өтініш материалдарын зерделеу барысында өтініштерге берілген жауаптарда шешімге шағымдану құқығын түсіндіретін мәліметтер бар екені анықталды.

Шағымдар анықталған жоқ.

### Сыбайлас жемқорлық тәуекелдері

Сыбайлас жемқорлық тәуекелдеріне - өтініштерге жауап беру мерзімдерін бұзу жатады.

**Жою бойынша ұсыныстар:** Құқықтық жалпыға бірдей оқыту шеңберінде қызметкерлерге заңнама талаптарын жеткізуді жалғастыру.

### 2.5. Ақпараттың ашықтығын қамтамасыз ету

Колледж ақпараттарды колледждің <https://kpvk.edu.kz/ru/> сайтында, электронды еңбек биржасында <https://www.enbek.kz/ru> уақтылы және жедел орналастырады.

### 2.6. Сыбайлас жемқорлыққа қарсы және қоғамдық мониторинг нәтижелері

Білім беру саласындағы резонанстық істер зерттелді, атап айтқанда - Жетісу облысының қалалық білім бөлімі бухгалтерлерінің қылмыстық тобы, 4,4 млрд. теңге сомасына ұрлық жасады. Ақпарат назарға алынды, мұқият талдау жүргізілді. Талдау қорытындысы - жұмыс уақытына ақы төлеу өз міндеттерін нақты жүзеге асыратын қызметкерлерге толық көлемде жүргізіледі. Еңбекақы төлеу қаражаты қызметкерлерге еңбекақы төлеу туралы Ережеге қатаң сәйкес пайдаланылады. Ынталандырушы үстемелерін, сыйлықақы төлемдерін белгілеу бойынша колледж қызметкерлері арасынан комиссия мүшелері жұмыс істейді, шешім комиссиялық түрде қабылданады. Жауапты тұлғаларға сыбайлас жемқорлық құқық бұзушылықтар жасағаны үшін жауапкершілік шаралары, сыбайлас жемқорлық құқық бұзушылықтар жасағаны үшін жауапкершілік шаралары туралы түсіндірмелер жүргізілді. Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл және колледж қызметіне қатысты қоғамдық мониторинг облыстық ұйымдармен жүргізілмеген. Сыбайлас жемқорлыққа қарсы саясат, мемлекеттік сатып алулар туралы мемлекеттік сатып алу порталында құжаттама әзірленді, ақпарат колледж сайтында <https://kpvk.edu.kz/ru/> орналастырылған.

**Сыбайлас жемқорлық тәуекелдері.** Сыбайлас жемқорлықтың алдын алу және оған қарсы іс-қимыл жөніндегі жұмыстың әлсіздігі, колледжде осындай бұзушылықтардың алдын алу мақсатында мониторингтің болмауы, бұзушылықтарды қарамау сыбайлас жемқорлық қылмыстарға әкеп соғуы мүмкін.

**Жою бойынша ұсыныстар.** Қызметкерлермен тұрақты негізде түсіндіру жұмыстарын жүргізуді жалғастыру. Сыбайлас жемқорлыққа қарсы және қоғамдық мониторинг жүргізу.

### 2.7. Бақылау және рұқсат беру функцияларын іске асыру

Колледжге бақылау және рұқсат ету функциялары жүктелмеген.

**Сыбайлас жемқорлық тәуекелдері:** талданатын кезеңде анықталған жоқ.

**Жою бойынша ұсыныстар:** қолданыстағы заңнамаға сәйкес жұмысты жалғастыру.

### 2.8. Сот тәжірибесін талдау

Іс жүргізу тәжірибесі (*азаматтық-құқықтық сипаттағы*).

Талданған кезеңде талапкер ретінде - 8, жауапкер ретінде - 1, жәбірленуші тарап ретінде - 1 сот процесі өтті. Қанағаттандырылған - 7, талап қоюдан бас тарту - 1 (тауарды жеткізу сот талқылау күні болған себебінен), талап арыздарды қайтарып алу - 0, талап қоюды қанағаттандырудан бас тарту. Іс бойынша жауапкер ретінде-іс тоқтатылды, Мемлекеттік кірістер басқармасының қаулысы жойылды. Қылмыстық іс бойынша - колледжге келтірілген залал қалпына келтірілді.

Заң кеңесшісі Р.Ж. Мусаинова, 2023 ж. 03.01. Сенімхаты арқылы әрекет ететін өкілі болып табылады. Колледж өкіліне қатысты соттың жеке ұйғарымдары шығарылған жоқ.

### **2.9. Қадағалау органдарын тексеру нәтижелері туралы мәліметтер**

Көрсетілген кезеңде Колледж қызметіне қатысты тексерулер жүргізілген жоқ. Прокурорлық қадағалау актілері түскен жоқ.

### **2.10. Фискалдық органдарды тексеру нәтижелері туралы мәліметтер**

Аталған кезеңде Колледж қызметіне қатысты тексеруді Қостанай облысы бойынша Ішкі мемлекеттік аудит департаменті жүргізді. Бұзушылықтар анықталған жоқ.

### **2.11. Құқық қорғау органдарының, үкіметтік емес ұйымдардың және азаматтардың мәліметтері**

Талданып отырған кезеңде құқық қорғау органдарының, үкіметтік емес ұйымдардың және азаматтардың мәліметтеріне Колледж қызметіне қатысты тексеру жүргізілген жоқ.

### **2.11. БАҚ және өзге де ақпарат көздерінің мониторингі**

Колледжге қатысты жағымсыз материалдарды, жарияланымдарды, сондай-ақ лауазымды тұлғалар мен қызметкерлерді анықтау үшін бұқаралық ақпарат құралдарына мониторинг жүргізілді. Бұқаралық ақпарат құралдарында қызметкерлерге қатысты теріс ақпарат жарияланған жоқ.

Сыбайлас жемқорлық тәуекелдеріне жүргізілген ішкі талдау қорытындысы бойынша мынадай сыбайлас жемқорлық тәуекелдері анықталды:

#### **– нормативтік құқықтық актілерде**

**Сыбайлас жемқорлық тәуекелі:** Сыбайлас жемқорлық тәуекелі жан басына шаққандағы орташа табысты ең төменгі күнкөріс деңгейінен төмен анықтау бөлігінде бар. «Қостанай облысы әкімдігінің жұмыспен қамтуды үйлестіру және әлеуметтік бағдарламалар басқармасы» ММ бұл анықтамаларды бермейді. Көрсетілетін қызметті беруші ретінде, колледж қызметкерлері, «Азаматтарға арналған үкімет» мемлекеттік корпорациясының, ҚР Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрлігінің бөлімшелерінің ақпараттық жүйелерінде білім алушылар ұсынған кірістер туралы құжаттарды тексерудің нақты мүмкіндігі болмағандықтан, жан басына шаққандағы орташа табысты дербес анықтауға мәжбүр.

**Жою жөніндегі ұсынымдар:** ҚР Оқу-ағарту министрлігіне, ҚР Білім және ғылым министрінің 2020 жылғы 04 мамырдағы №180 бұйрығымен бекітілген «Білім алушылардың жекелеген санаттарына тегін және жеңілдікпен тамақтандыруды ұсыну» мемлекеттік қызмет көрсетуге қойылатын негізгі талаптар тізбесінің Мемлекеттік қызмет көрсету үшін көрсетілетін қызметті алушыдан талап етілетін құжаттар мен мәліметтер тізбесінің 8-тармақшасына өзгерістер енгізу туралы, «Жоғары білім беру ұйымдарында білім алатын және тәрбиеленетін жекелеген санаттағы азаматтарға, сондай-ақ қорғаншылықтағы (қамқоршылықтағы) және патронаттағы адамдарға тегін тамақтандыруды ұсыну» мемлекеттік қызмет көрсету қағидаларын бекіту туралы, жан басына шаққандағы орташа табысы ең төменгі күнкөріс деңгейінен төмен мемлекеттік атаулы әлеуметтік көмек алмайтын отбасылардан шыққан балалар үшін - көрсетілетін қызметті алушы-білім алушының жан басына шаққандағы орташа табысы ең төменгі күнкөріс деңгейінен төмен екенін растау туралы аумақтық жұмыспен қамтуды үйлестіру органдарынан және әлеуметтік бағдарламалардан анықтама беру белгіленсін, деген хат жолдау.

– **ішкі құжаттарда (бұдан әрі – ІНҚ).**

Сыбайлас жемқорлық тәуекелдері анықталған жоқ.

– **мемлекеттік қызмет көрсету**

**Сыбайлас жемқорлық тәуекелдері:** Сыбайлас жемқорлық тәуекелдерін болдырмау үшін электрондық форматта көрсетілетін қызметтердің үлесін арттыру қажет.

**Жою жөніндегі ұсынымдар:** Мемлекеттік қызмет көрсетуге жауапты қызметкерлермен тұрақты негізде артық құжаттардың талап етілуін болдырмау бойынша түсіндіру оқуын жүргізуді жалғастыру, Мемлекеттік қызмет көрсету стандартына сәйкес құжаттардың талап етілуіне қызметкерлердің ерекше назарын аудару. Көрсетілетін мемлекеттік қызметтердің сапасына мониторинг жүргізуді жалғастыру.

– **қызметкерлерді басқару**

Сыбайлас жемқорлық тәуекелдері: 1. Кадр қызметінің алдын ала жұмысынсыз, ұйым басшысының қызметкерді жалдау туралы жеке-дара шешім қабылдауы. Тәртіптік жазаны мерзімінен бұрын алып тастау.

**Негіздеме.** 1. Педагогикалық лауазымдарға кадрларды конкурстық іріктеу.

2. Қолда бар педагог кадрларды және олардың негізгі білімін, мамандығын, біліктілігін, жұмыс тәжірибесі мен жетістіктерін, әдістемелік және педагогикалық құзыреттілігін ескере отырып, олардың оқу сағаттарын бөлу кезінде ашықтықты құру арқылы бөлуді жалғастыру. Тәртіптік жазаны мерзімінен бұрын тоқтатуға жол бермеу.

**Жою бойынша ұсынымдар.** 1. Кез келген бос лауазымдарға кадрларды конкурстық іріктеу (кіші техникалық персоналды қоспағанда). 2. Педагогикалық жүктемені бөлу бойынша бақылауын және талдауын жүргізу, жүктемені, жаңа топтардың санын, жаңа топтардың оқу жоспарларындағы сағаттар санын ескере отырып, педагогикалық кеңесте өткізуді жалғастыру.

**Сыбайлас жемқорлық тәуекелдері.** Қызметкерлерді тәртіптік жауапкершілікке тарту мәселелерінде дискрециялық өкілеттіктердің болуы, ҚР Еңбек кодексінің 64-бабының 1-тармағы.

Қызметкердің тәртіптік теріс қылық жасағаны үшін жұмыс беруші тәртіптік жазаның мынадай түрлерін қолдануға құқылы:

- 1) ескерту;
- 2) сөгіс;
- 3) қатаң сөгіс;
- 4) жұмыс берушінің бастамасы бойынша еңбек шартын бұзу.

Осыны ескере отырып, бұл дискрециялық өкілеттіктер, бұл өкілеттіктер лауазымды тұлғаның сыбайлас жемқорлық құқық бұзушылықтар жасауға әкеп соғуы мүмкін, мінез-құлық және/немесе басқару шешімін таңдау мүмкіндігін айқындайтын жағдайлар жасайды.

**Жою бойынша ұсынымдар:**

ҚР Еңбек кодексінде (64-бап) дискрециялық норманы жою туралы мәселені қарау туралы ұсыныстарға бастамашылық жасау (ҚР Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрлігі)

**- мүдделер қақтығысы**

Сыбайлас жемқорлық тәуекелі кадрларды ауыстыру кезінде мүмкін.

**Жою бойынша ұсыныстар:** кадрларды ауыстыру кезінде мүдделер қақтығысына жол бермеу (тікелей бағыныста жұмыс істейтін жақын туыстарының болуы).

**- қаржы-шаруашылық қызметі**

**Сыбайлас жемқорлық тәуекелдері:** Мемлекеттік сатып алу тәсілін дұрыс таңамадау (конкурс, бір көз әдісі). Техникалық ерекшелік қабылданбаған кезде тауарларды, жұмыстарды, қызметтерді қабылдау.

**Жою бойынша ұсыныстар:** Шарттың техникалық сипаттамасына сәйкес тауарларды, жұмыстарды, қызметтерді қабылдау, сатып алу тәсілін таңдауың дәлелдеу. Сыбайлас жемқорлық тәуекелдерін сыртқы талдау.

**- құжаттаманы есепке алу**

**Сыбайлас жемқорлық тәуекелі:** цифрландыруды 100% қамтудың болмауы қызметкермен тікелей байланысты білдіреді, құжаттарды ресімдеу кезінде қағазбастылықтар мен бюрократия болуы мүмкін.

**Жою бойынша ұсынымдар:** қызметкерлермен тұрақты негізде құжат айналымы бойынша түсіндіру жұмыстарын жүргізуді жалғастыру. Сапа мониторингін жүргізуді жалғастыру.

**- жеке және заңды тұлғалардың өтініштерін қарау**

**Сыбайлас жемқорлық тәуекелдері:** Тәуекелдер анықталған жоқ.

**Жою жөніндегі ұсынымдар:** Құқықтық жалпыға бірдей оқыту шеңберінде қызметкерлерге заңнама талаптарын жеткізуді жалғастыру.

**Ақпараттың ашықтығын қамтамасыз ету.**

**Сыбайлас жемқорлық тәуекелдері:** тәуекелдер анықталған жоқ.

- сыбайлас жемқорлыққа қарсы және қоғамдық мониторинг.

**Сыбайлас жемқорлық тәуекелдері:** Колледжде осындай бұзушылықтардың алдын алу мақсатында сыбайлас жемқорлықтың алдын алу және оған қарсы іс-қимыл бойынша әлсіз жұмыс кезінде, мониторинг болмаған жағдайда тәуекел болуы мүмкін. Бұзушылықтарды қарастырмау сыбайлас жемқорлық қылмыстарға әкелуі мүмкін.

**Жою бойынша ұсынымдар.** Қызметкерлермен тұрақты негізде түсіндіру жұмыстарын жүргізуді жалғастыру. Сыбайлас жемқорлыққа қарсы және қоғамдық мониторинг жүргізу.

### Қорытындылар.

Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл жөніндегі шараларды одан әрі күшейту, оның тиімділігін арттыру мақсатында:










- сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл жоспарының іс-шараларын орындау;
- қолданыстағы заңнаманы және оған енгізілетін өзгерістер мен толықтыруларды түсіндіру бойынша сабақтар өткізу;
- ұжымда сыбайлас жемқорлық көріністеріне төзбеушілікті қалыптастыруға бағытталған түсіндіру жұмыстарын жүргізу.

Директор



К. Каткенов

### Жұмыс тобының құрамы:

 И. Щербакова, директордың ОІ жөніндегі орынбасары  
 Ж. Кайпбаева, директордың ҒӘЖ жөніндегі орынбасары  
 Л. Дюсекеева, директордың ТЖ жөніндегі орынбасары  
 Д. Комаров, директордың ІТ жөніндегі орынбасары  
 А. Мадин, директордың ОӨЖ жөніндегі орынбасары  
 А. Абджанов, директордың ШЖ жөніндегі орынбасары  
 Л. Глебова, бас бухгалтер  
 Р. Мусаинова, заң кеңесшісі  
 Д. Карабаев,  
 қоғамдық қабылдау бөлмесінің басшысы, «Қостанай облысының Кәсіподақ орталығы» АҚБ заңгері

## «БЕКІТЕМІН»

Қостанай облысы әкімдігі білім басқармасының  
«Қостанай жоғары политехникалық колледжі» КМҚК

Директор \_\_\_\_\_ директоры  
К. Каткенов



| Сыбайлас жемқорлық тәуекелдеріне ұшыраған лауазым                        | Сыбайлас жемқорлық тәуекелдері бар лауазымдық өкілеттіктер                                 | Сыбайлас жемқорлық тәуекелдері  |
|--|--|---|
| Директор   | Колледж жұмысының жағдайын басқару, ұйымдастыру және талдау                                | Қызметкерлердің қызметін, еңбек өнімділігін бағалау   |
| Директордың орынбасары   | Жетекшілік ететін бағыт бойынша жұмысты ұйымдастыру және талдау                            | Лауазымдық міндеттеріне сәйкес шешімдер қабылдау  |
| Бөлім меңгерушісі, оқу бөлімінің меңгерушісі, оқытушы                    | Білім беру процесінің тиімділігі бойынша ұсыныстар әзірлеу, Оқу-әдістемелік жұмысты талдау | Оқушылардың оқуын, оқу қорытындыларын бағалау   |
| Бас бухгалтер  | Бухгалтерлік есеп пен есептілікті ұйымдастыру, жалақының дұрыс есептелуін бақылау          | Лауазымдық міндеттеріне сәйкес шешімдер қабылдау  |
| Кадр қызметінің басшысы  | Кадрларды кешенді қамтамасыз ету және іріктеу бойынша жұмыс, есептілік жасау               | Лауазымдық міндеттеріне сәйкес шешімдер қабылдау  |
| Заң кеңесшісі, бухгалтер, хатшы, комендант, әдіскер, техникалық персонал | Қызмет бағытын кәсіби жүргізу бойынша жұмыс, белгіленген есептілік мәліметтерін дайындау   | Қызметтік міндеттерін орындау кезінде алынған ақпаратты жеке немесе топтық мүдделерде пайдалану |

Талдау мақсаты Қостанай облысы әкімдігі білім басқармасының «Қостанай жоғары политехникалық колледжі» КМҚК мемлекеттік мекемесіндегі сыбайлас жемқорлыққа тәуекелдерді анықтау және оларды бағалау.

Талаудың міндеті, сыбайлас жемқорлық қауіпті факторлар жағдайы анықтау және олардың Қостанай облысы әкімдігі білім басқармасының «Қостанай жоғары политехникалық колледжі» КМҚК мемлекеттік мекемесіндегі қызметінің қорытындыларын қабылдау.

## 2. Талдау барысында бағаланылған ақпарат көздері

Сыбайлас жемқорлық тәуекелдеріне иялі талдау жүргізу және шараларды іс жүзінде сәйкес сыбайлас жемқорлық тәуекелдеріне иялі талдау жүргізу үшін ақпарат көздері: